ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 22 қараша іс №4360-24-00-2/2665 Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Қ.М.Бержановтың,
сот отырысының хатшысы А.Қ.Жақыпбектің қатысуымен мобильді бейнебайланыс құрылғысы арқылы ашық сот отырысында қойылған талап бойынша электронды форматтағы азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының «Еңбек мобильдігі орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Беделбаева» атауымен әрекет етуші Беделбаева Айжамал Нурмахановна жеке кәсіпкері

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Прокурор Л.Сырбайқызы,
Талап қоюшының өкілі Р.Кушенов,
Жауапкер А.Беделбаева

<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>

2024 жылғы 25 тамызда талап қоюшы (Тапсырыс беруші) мен жауапкер (Өнім беруші) №2024/119 санды тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шартын (бұдан әрі - Шарт) жасаған.

Шарттың 1.1, 2.1-тармақтарына және қосымшаларға сәйкес, жауапкер жалпы сомасы 249 980 теңгеге техникалық ерекшелікке сай келетін 10 дана веб-камераны шартқа қол қойған күннен бастап 16 күнтізбелік күн ішінде жеткізуге міндеттенген.

Сәйкесінше, жауапкер шарт бойынша тауарды 2024 жылдың 10 қыркүйекке дейін жеткізуге тиіс болған.

Жауапкер 10 қыркүйек 2024 жылы тауарды жеткізген, бірақ тауар техникалық ерекшелікке сай болмауына байланысты талап қоюшы тарапы акті толтырып, тауарды кері қайтарған.

Құжатқа қол қойылған: Бержанов К. М., 29.11.2024
Заңды күшіне енген күні: 30.12.2024, судья Бержанов К. М., 31.12.2024
4360-24-3-1/2797

Актіде жеткізілген веб-камераның ұзындығы 9,5 см-ден кем болмауы қажет болса, жеткізілген тауар 7 см екені анықталған, тауардың xsplit премиум лицензиясы ұсынылмаған, жеткізілген құрылғының өзінде серия нөмірі және моделі көрсетілмеген, тауармен бірге ұсынылған техникалық ерекшелігі көрсетілген құжатында линза түрі автоматты фокус еместігі көрсетілген, өнім беруші тарапынан тауарды дайындаушының немесе өнім берушінің кепілдік сертификаты ұсынылмағандығы көрсетілген.

Талап қоюшы тарапынан жауапкерге техникалық ерекшелікке сай келетін тауарды бес күнтізбелік күн ішінде жеткізу қажеттігі хабарланған.

Алайда, жауапкер тауарды жеткізбеген.

Жауапкер шарт бойынша міндеттемесін орындамауына байланысты талап қоюшы оны мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және он бес күнге 3750 теңге тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюмен сотқа жүгінген.

Жауапкер талап қоюға берген қарсы пікірінде тауарды жетізгенін, бірақтан тауарды қайтарғанын, өзі бағдарламаны емес тауарды жеткізу қажет болғанын, талап қоюмен келіспейтінін көрсеткен.

Сот отырысында талап қоюшының өкілі Р.Кушенов талап қоюда көрсетілген уәждерін келтіріп, жауапкер шарт бойынша міндеттемелерін орындамағанын, жауапкер техникалық ерекшелікке сай келетін тауарды жеткізбегенін, жеткізген тауары техникалық ерекшелікке сай болмағанын, жауапкерге техникалық ерекшелікке сай келетін веб-камераны алып келуді ұсынғанын, бірақтан жауапкер жеткізбегенін, соттан талап қоюды толығымен қанағаттандыруды сұрады.

Сот отырысында жауапкер А.Беделбаева талап қоюмен келіспей, қарсы пікірдегі уәждерін қолдап, өз түсінігінде тауарды уақытылы апарып бергенін, жеткізген тауары техникалық ерекшелікке сай келетінін, талап қоюшы тарапы шарттың техникалық ерекшелігінде көрсетілмеген сипаттағы тауарды көрсетіп отырғанын, талап қоюды қанағаттандырусыз қалдыруды сұрады.

Прокурор Л.Сырбайқызы талап қоюдың жозықсыз қатысушысы деп тану бөлігі қанағаттандыруға, тұрақсыздық айыппұл өндіру бөлігі қараусыз қалдыру туралы қорытынды берді.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 12-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сәйкес, өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде

Құжатқа қол қойылған: Бержанов К. М., 29.11.2024

Заңды күшіне енген күні: 30.12.2024, судья Бержанов К. М., 31.12.2024

орындамаған өнім берушілер мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізіліміне енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі –АК) 386-бабының 1-бөлігіне сәйкес, шарт оны жасасқан кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болып табылса, осы Кодекстің 272-273 баптарына сәйкес, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал заңдарда немесе шартта көзделгеннен басқа реттерде міндеттемені орындаудан біржақты бас тартуға және оның шарттарын біржақты өзгертуге жол берілмейді.

АК-нің 349-бабының 1-бөлігіне сәйкес, міндеттемені орындамау, не тиісті дәрежеде орындамау (мезгілінде орындамау, тауарлар мен жұмыстарды толық орындамау, міндеттеме мазмұнында белгіленген басқа жағдайларды бұзып орындау) - тиісінше орындамау оның бұзылуы деп түсініледі.

Сот отырысында анықталғандай тараптар арасында жасалған 2024 жылғы 25 тамыздағы №2024/119 тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шарты бойынша жауапкер 10 дана веб-камера тауарын 2024 жылдың 10 қыркүйегіне дейін жеткізуге тиіс болған.

Жауапкер жеткізген тауар техникалық ерекшелікке сай болмауына байланысты қабылдаудан бас тартылып, жауапкерге кері қайтарылған.

Содан кейін жауапкер тарапы басқа тауар жеткізбеген.

Жауапкер тарапы өзінің жеткізген тауары техникалық ерекшелікке сай келетін тауар жеткізгенін, талап қоюшы тарапы шарттың техникалық ерекшелігінде көрсетілмеген сипаттағы тауарды көрсетіп отырғанын уәждеген.

Тапсырыс беруші толтырған тауардың сәйкессіздік актісінде жеткізілген веб-камераның ұзындығы 9,5 см-ден кем болмауы қажет болса, жеткізілген тауар 7 см екені анықталған, тауардың xsplit премиум лицензиясы ұсынылмаған, жеткізілген құрылғының өзінде серия нөмірі және моделі көрсетілмеген, тауармен бірге ұсынылған техникалық ерекшелігі көрсетілген құжатында линза түрі автоматты фокус еместігі көрсетілген, өнім беруші тарапынан тауарды дайындаушының немесе өнім берушінің кепілдік сертификаты ұсынылмағандығы көрсетілген.

Шарттың №2 қосымшасында көрсетілген техникалық ерекшелікте веб-камераның негізгі сипаттамалары: құрылғы түрі: Web камера. Түсі: қара. Матрица түрі: CMOS.Матрицаның мегапиксель саны: кемінде 2 Мп. Қолдау көрсетілетін форматтар: H.264/AVC. Максималды бейне ажыратымдылығы: кем дегенде 1920 x 1080 (толық HD).Максималды кадр жиілігі: кем дегенде 60. Бейне ажыратымдылығы: кемінде 1280 x 720 (60 к/с дейін),кемінде 1920 x 1080 (30 к/с дейін). Линза түрі: автоматы фокус. Көру өрісі: кем дегенде 78°. Интерфейс: кем дегенде USB 2.0. Кірістірілген микрофон: микрофонмен. Бекіту: LCD дисплейін бекіту, үстелге орнату,

Құжатқа қол қойылған: Бержанов К. М., 29.11.2024
Заңды күшіне енген күні: 30.12.2024, судья Бержанов К. М., 31.12.2024
4360-24-3-1/2797

штатив орнату. Қосымша:линза: шыны линзалары бар Full HD, стерео микрофон.Қосқыштар: USB-A. байланыс түрі: сымды. Кабельдің ұзындығы: кемінде 1.5 м. жиынтықта: құжаттама, штатив, xsplit премиум лицензиясы (жарамдылық мерзімі — кемінде 3 ай). Үйлесімді ОЖ: Windows, Mac OS, Android. Өлшемдері:кемінде 9.5 x 2.9 x 2.4 см. Өнімнің салмағы: кемінде 0.16 кг.Кепілдік мерзімі: 12 ай көрсетілген.

Жауапкер тарапы ұсынылған веб-камералардың ұзындық өлшемі сай келмеген, линза түрі автоматты фокус болмаған, жарамдылық мерзімі кемінде 3 айды құрайтын xsplit премиум лицензиясы болмаған және кепілдік мерзімі 12 айды бекітетін сертификаты болмаған.

Бұл жағдай жауапкер тарапының келтіріп отырған уәжі негізсіз екенін көрсетеді.

Сот отырысында жауапкер тарапының шарт талаптарына сай келетін тауарды шартта көрсетілген мерзімде жеткізбегендігі анықталады.

Яғни, жауапкер тарапынан шарт талаптарын тиісінше орындамау фактісі анықталған.

Бұндай жағдайда сот жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жозықсыз қатысушысы деп тануға толық негіз бар деген тұжырымға келеді.

Талап қоюшы осы талап қоюмен сотқа заңмен белгіленген мерзім ішінде 2024 жылғы 27 қыркүйекте жүгінген.

Соттың 22 қараша 2024 жылғы ұйғарыммен талап қоюдың тұрақсыздық айыбын өндіру бөлігі қараусыз қалдырылған.

АПК-нің 117-бабына сәйкес, жауапкерден мемлекет кірісіне 1846 теңге мемлекеттік баж алым сомасы өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының «Еңбек мобильдігі орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер «Беделбаева» атауымен әрекет етуші Беделбаева Айжамал Нурмахановна жеке кәсіпкеріне мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Беделбаева» атауымен әрекет етуші Беделбаева Айжамал Нурмахановна жеке кәсіпкері шарт бойынша міндеттемесін тиісінше орындамауына байланысты мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Құжатқа қол қойылған: Бержанов К. М., 29.11.2024
Заңды күшіне енген күні: 30.12.2024, судья Бержанов К. М., 31.12.2024
4360-24-3-1/2797

Жауапкер «Беделбаева» атауымен әрекет етуші Беделбаева Айжамал Нурмахановна жеке кәсіпкерінен мемлекет пайдасына сот шығыны 1846(бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж алымы өндірілсін.

Шешімге наразы жақ шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына, АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, апелляциялық шағым беруге, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья **Қ.М.Бержанов**

Құжатқа қол қойылған: Бержанов К. М., 29.11.2024

Заңды күшіне енген күні: 30.12.2024, судья Бержанов К. М., 31.12.2024

4360-24-3-1/2797